



Бұл әңгіме рас па, өтірік пе, оны ешкім дәп басып айта алмайды. Әйтеуір, сонау ерте заманда біздің өңірде Теңгегүл деген сиқырлы гүл өскен деседі.

Сиқырлы гүл екінің бірінің көзіне түсе берменгі. Оны тек ақжүрек те адал, алдына биік мақсат қойып, соған жетуге талпынған талабы таудай жандар көреді екен. Бір газбабы, сиқырлы гүлді көрген адамның сол мезетте айы оңынан туып, мол байлыққа кенеледі екен. Тіпті, гүлді көрген адамның үрім-бұтағы да ешқашан таршылық көрмей, берекелі құмыр кешетін көрінеді. Міне, Теңгегүл осындай таңғажайып гүл екен...

1-тарау

Бүгін сендерге бір қызықты ертегі айтқалы отырмыз. Алдымен басты кейіпкермен таныс болыңдар. Ол өздерің секілді балақай. Есімі – Арнұр. Бұл баланың қасынан бір елі қалмайтын кішкентай қыз бар. Ол – Дана деген қарындасы. Бірде Арнұр мен Дана мектептен қайтып келе жатып, бір-біріне армандарын айтты. Олардың алғысы келген заттары да, барғысы келген жерлері де көп болатын. – Шіркін, ақшамыз көп болса ғой! Қалаған затымызды

1. Қаржылық мақсатыңды айқындап, ақшаны не үшін жинайтыныңды анықта. Мысалы, ноутбук, велосипед, киім-кешек немесе жақыныңа сыйлық алу керек пе, осыны анық білуге тырыс.



2. Ең алдымен, қаржылық күнделік ашып, соған кірістерің мен шығыстарыңды жазып отырыңдар. Бұл қаржылық мақсаттарыңа қол жеткізу үшін қажет.



ТЕҢГЕГҮЛ ЖАЙЛЫ АҢЫЗ

сатып алып, алыс елдерге саяхат жасар едік, – деді Арнұр.

Осыны айтқан балақай жерге көзін қадай қойып еді, тура қарсы алдында жатқан теңгені көрді. Арнұр әлгі

теңге. Егер жерге көміп, күнде суарып, күтімдесе, Теңгегүл деген гүл өсіп шығады, – деді.

Арнұр мен Дана қуанып кетті.

– Алақай! – десті олар. – Теңгегүл? Аңыздағы сиқырлы

таяқша емес. Аспаннан ақша жаудырмайды. Ол сендерге ақша табудың жолын үйретеді. Егер оның кеңестеріне құлақ түрер болсаңдар, сөз жоқ, байлыққа кенелесіңдер, – деді.

Арнұрдың қалтасына түскен теңге сол күйі ұмыт болып қала берді. Ал Дана болса, ағайдың әңгімесіне кәдімгідей иланып, теңгені ағасының қалтасынан алды да, бақшадағы гүлзарға апарып отырғызды. Содан соң теңге көмілген жердің айналасын жақсылап қосытып, су құйды.

Ертесінде бақшаға барып қараса, сиқырлы теңге бүршік атыпты. Дана дереу ағасын шақырды.

– Көрдің бе? Ағайдың айтқаны рас екен! Көп ұзамай мына бүршік Теңгегүлге айналады. Ол өскен соң, бізге ақыл-кеңес береді. Армандарымыз орындалатын болды, – деді Дана қуанып.

Арнұр бұған мырс етті. – Үп-үлкен болдың. Бақандай үшінші сыныпта оқисың. Сөйте тұрып, қайдағы бір ертегіге сенесің, – деді ол қарындасына.

Бірақ артынан ойланды да, бүршіктенген өскіннің түбіне су құйғышпен себелеп, су құйып қойды.

Балалар жіп-жіңішке өскінге біразға дейін қарап тұрды. Ақыры шыдамдары таусылып, үйге кетпек болды. Олардың бұрыла бергендері сол еді, сиқырлы өскінге тіл бітіп:

– Рақмет, сендерге! Мені сонша күтіп, мейірім төккендерің үшін бірнеше пайдалы кеңес беремін, – деді сыңғырлай жөнелді.



теңгені дереу көтеріп алды. Теңге тым ескі екен. Ескілігі сондай, бетіндегі жазу да өшіп кетіпті.

«Мұндай көнерген ақшаға не келеді дейсің?» деп ойлады Арнұр. Сөйтті де, теңгені лақтырып жібермек болды. Осы кезде оның дәл қасынан бір бейтаныс ағай пайда бола кетті де:

– Тұра тұр, балам! Тастама! Бұл жай теңге емес, сиқырлы

гүл ме? Енді біздің ақшамыз көп бола ма?

– Мен өзіме ноутбук сатып аламын! – деді Арнұр бірден.

– Ал маған бояу мен қағаз керек! – деді Дана.

– Содан соң аға-анамызбен бірге Нұр-Сұлтан қаласына саяхаттап қайтамыз!

Бейтаныс ағай болса, басын шайқап:

– Жоқ, Теңгегүл, сендер ойлағандай, сиқырлы

Ағай осыны айтты да, көзден ғайып болды.

Арнұр ескі теңгені жақсылап сүртіп, қалтасына салып алды.

– Мен, әрине, ертегіге сенбеймін. Бірақ бұл теңге бір кәдеге жарап қалар. Мұны коллекция жиошыларға апарып көрейік. Мүмкін құнды шығар? – деді балақай.

ТЕҢГЕГҮЛДІҢ КЕҢЕСТЕРІ


Сендердің армандарың бар ма? Бар болса, сол армандарың орындалу үшін жақсылап жоспар құрыңдар. Ол жай гана жоспар емес, белгілі бір мақсатқа жетелейтін іс-әрекет жоспары, қаржылық жоспар болсын.

3. Арманыңа жету үшін қанша ақша керек, соны есепте.

4. Қаржылық мүмкіндігіңді екшеп көр. Яғни, кіріс пен шығыстың есебін біліп ал. Оқушының кірісі белгілі. Ол – аға-анаң күнделікті жұмсауға деп беретін ақша. Яғни, сенің қалтаңулың.

5. Міндетті шығындарды бір жерге жазып, қосалқы шығындарды азайтудың амалын ізде. Бірақ есінде болсын, тамақтан (әсіресе, мектеп асханасынан ішетін түскі астан) ақша аяма!

6. Күніне, аптасына, айына қанша ақша үнемдей алатыныңды есепте.



Шығындардың есептелген межеден асып кетпеуін қадағала.

7. Жоспарыңды жүзеге асыруға қанша уақыт керек екенін анықта. Қысылып қалмау үшін ақша жинау мерзімін ұлғайтуға тырыс. Алатын затыңның арзандауын іздеп көр.

8. Бірінші айдағы бюджетті негізге ала отырып, екінші айдағы бюджетті нақтыла. Артық шығынды мейлінше азайт.

9. Қосымша қаражатты қайдан табуға болатынын ойластыр. Мысалы, электр жарығы мен суды үнемде, ата-анаңа айтып, коммуналдық төлемдерді азайтыңдар, фастфудтан бас тарт, заттарды жеңілдетілген бағамен сатып алуға дағдылан.

10. Ақша жинаудың оңтайлы жолын ізде. Ақшаны үйдегі сандықшаға, ыдысқа жинауға болады. Сонымен қатар, ата-анаңмен келісіп, банктен солардың атынан есепшот (14 жасқа толсаң, өз атыңнан аша аласың) немесе электронды әмиян ашып, оған үзбей ақша

салып отыруға болады. Ата-атаң ақша бергенде, жинайтын ақшаны жұмсамай тұрып, бірден шегеріп отыр. Артынан қалдырамын деп ойлама.

11. Қауіпсіздігіңді ойдан шығарма! Жинаған ақшаны өзіңмен бірге алып жүрме. Ақшаң бар екенін ешкімге айтпа.

Сонымен, ақшаны жинап алдың. Қаржылық мақсатқа жеттің. Әрі қарай не істейсің? Сенде тағы да мақсат-мүдде, арман бар емес пе? Ендеше, бірден «Арман-2» деген келесі жоспарға көш.

Қалтаңұл – күнделікті ұсақ шығындарға жұмсалатын ақша.

Кіріс – жеке тұлғаның, кәсіпорынның немесе мемлекеттің белгілі бір іс-әрекеттен тапқан пайдасы.

Шығын (шығыс) – әлдебір затты сатып алуға немесе белгілі бір қызмет түрін пайдалануға жұмсалған ақша.

ЖАС ҚАРЖЫГЕРДІҢ СӨЗДІГІ

Жеке қаржылық жоспар – әрбір адамның қаржылық мақсатқа жету жолындағы жеке жоспары.

ЖАС ҚАРЖЫГЕРДІҢ ОЙЫНХАНАСЫ



КОМИКС-САБАҚ

Ақша есепті ұнатады

Кіріс пен шығыстың кестесін жасауды үйрен. Бұл қалтапұлды қаншалықты дұрыс жұмсайтыныңды анықтауға көмектеседі.




Ата-анаң саған бір күнде, бір аптада, бір айда қанша ақша беретінін анықта.



Міндетті шығындарыңды (мысалы, тамаққа жұмсалатын ақша және жолақы) бір жерге жазып қой.



Аса қажеті жоқ, ұсақ-түйек заттарға кететін ақшаны есепте.



Келесі айдың бюджетін жоспарлағанда артық шығындарды мейілішіе азайт.

Қалтапұлдың көлемі қашан да шектеулі. Бірақ соған қарамастан, артық шығынды азайтсаң, үнемдеп, ақша жинауға мүмкіндік туады.

«АРМАНҒА ЖЕТУ ҮШІН АҚШАНЫ ҚАЛАЙ ЖИНАЙМЫЗ?» ОЙЫНЫ

АРМАН МӘРЕ

СОРЕ

Бұл ойынды бір немесе бірнеше бала ойнай алады. Сендерге керекі: теңге пішіндес дөңгелек фишкалар мен ойын текшесі. Ойын ережесі: Дөңгелек орынға түссен, артық шығыннан құтылғаның. Бағыт бойынша алға жылжы.

Үшбұрышқа түссен, ақшадан айырылғаның. Кері қайтуға тура келеді. Төртбұрышқа түссен, ойланып ал да, дұрыс шешім қабылдауға тырыс.

Іске сәт!

ШАҒЫН САУАЛНАМА «СЕНІҢ ҚАЛТАПҰЛЫҢ»

Сауалнамаға қатысып, жауаптарыңды prilap@mail.ru электронды поштасына жолдаңдар. Хатта мекенжайларыңды, аты-жөндеріңді, мектептерің мен сыныптарыңды анықтап жазуды ұмытпаңдар. 1. Ата-анаң саған күнделікті жұмсауға деп ақша бере ме?

- А) Иә
 - Б) Жоқ
 - В) Кейде
2. Қаншалықты жиі береді?
- А) Күнде
 - Б) Аптасына 1 рет
 - В) Айына бір рет
 - Г) Сұраған кезде
 - Д) Өз нұсқан
3. Саған берілетін қалтапұлдың көлемі қандай?
- А) 100 теңге
 - Б) 200 теңге
 - В) 500 теңге
 - Г) 1000 теңге және одан да көп.
 - Д) Өз нұсқан
4. Әдетте қалтаңдағы ақшаны неге жұмсайсың?
- А) Мектептен тамақ ішуге
 - Б) Жолға
 - В) Оқу құралдарын сатып алуға
 - Г) Көңіл көтеруге
 - Д) Сыйлық алуға
 - Е) Ойындарға, ойыншықтарға
 - Ж) Әуестігіме
 - З) Өз нұсқан
5. Ата-анаң беретін ақша саған жете ме? Егер жетпесе, себебі қандай?
- А) Ата-анам аз ақша береді
 - Б) Не алатынымды алдын ала жоспарламаймын
 - В) Көп зат алғым келеді
6. Ақшаны қалай жұмсайтыныңды ата-анаң қадағалап отыруы керек пе? Жауабыңды түсіндір.
- А) Иә
 - Б) Жоқ
 - В) Кейде
7. Қалтапұлды қалай жұмсау керектігі жайлы ата-анаңмен ақылдасасың ба?
- А) Иә
 - Б) Жоқ
 - В) Өз нұсқан
8. Әлдебір мақсатқа жетем деп ақша жинайсың ба?
- А) Иә
 - Б) Жоқ
 - В) Кейде
9. Мектептерінде қаржылық сауаттылық сабақтары жүре ме?
- А) Иә
 - Б) Жоқ
 - В) Өз нұсқан
10. Сенің ойыңша, мұндай дәрістер оқушыларға керек пе?
- А) Иә
 - Б) Жоқ
 - В) Өз нұсқан